

егемен

Казакстан

Жалақыны өсіру мәселесі шешіледі

Халықтың қамын қашанда бірінші кезекте ойлайтын Елбасының кеше Үкіметтің кеңейтілген отырысында тау-кен, металлургиялық, мұнай-газ секторындағы және ұлттық компанияларға қызметкерлерінің жалақысын көтеру мәселесін қарастыруды ұсынуы өндірісті өңір жұртшылығы тарапынан зор ризалық туғызды. Отандық индустрияның қара шаңырағы әрі көш бастаушысы саналатын аймақтың басым бөлігі осы сала еңбеккерлері болуына байланысты бұл ұсыныс қуана қарсы алынса, іле оны «Арселор Миттал Теміртау» АҚ алғашқылардың бірі болып қолдауы көңілден шықты.



Мұндай шешімді аталған компанияның бас директоры Виджай Махадеван мырза Астанадағы алқалы жиыннан соң металлургиялық комбинаттың ұжымы өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде мәлім етті. Онда «Біз Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қалың қауымның мүддесін көздеуін түсіністікпен қабылдап, өз еркімізбен 1 сәуірден бастап металлургтер мен шахтерлердің, барлық қызметкерлердің еңбекақысын 10 пайызға арттыруды ұйғардық», деді ол.

Компанияның әкімшілік директоры Анджей Выпих бұдан әрі ой-пікірлерін ортаға салғандай, кәсіпорын өндірісіндегі кейінгі жылдардағы қиын жағдайға қарамастан ұжым мүшелерінің ең өзекті мәселесі оңтайын табуға барлық мүмкіндіктерді қарастыру назардан тыс қалған емес. Елбасының қазіргі қаржылық өзгерістерге сәйкес әлеуметтің әлуетін сақтауға үндеуі оған мүдделестікті күшейте түскені аталып, үлкен қозғау салынғаны айтылды. Бір тәуірі, соңғы үш-төрт жылдағы қиындықтардың беті қайтуы біліне бастапты. Мәселен, былтырғы жылдың аяғы мен биылғы жылдың басындағы жұмыс ырғағы өндіріс тынысын қалпына келтіруге үміттендіреді. Өнімнің өзіндік құнын қалыптастыруға, сыртқы рынокқа өнімдер өткізуді ұлғайтуға, бәсекелестік қабілетті күшейтуге мүмкіндік кеңейген. Көрші елдерге соның ішінде, Иранға экспорт көлемі өсіп келеді. Компанияның комбинаттың күш-қуатын арттыру бағытындағы мақсатынан айнымайтындығы да ортаға салынбай өтпеді. Бүгінгі негізгі міндет – табысты толықтырып, еселей түсу. Табыс мол болуына орай барлық әлеуметтік мәселелердің шешілуі де жеңіл, еңбеккерлердің жалақысы да өсе түспек. Қазақстандық металлургияның алыбының адымы алымды боларына сенім нық, деді ол. Біз осы кездесуге келген бірнеше металлургпен тілдескенімізде, солардың бірі – жас горновойшы Әлібек Алпысбеков айтқандай, елдігіміз пен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынына жүріп шыңдалатын сынақ қазір. «Мен жас маман ретінде Елбасының халыққа қамқорлығын әрдайым жақсы сезінемін. Соның тағы бір айғағы – еңбекақымызды көтеруге үн тастауы болды. Расы керек, бұлай болмағанда компания әзірге әрекет жасауы беймәлім еді. Аянбай еңбек ету арқылы өз игілігімізді еселеу бізге де мерейлі міндет»,

деген оның сөзін әріптестері қостап, тұрақты ахуалдың сақталуына ризалық білдірді. Қанша дегенмен қаржылық өзгеріске, бағаның ептеп қымбаттауына байланысты қобалжу, абыржу білініп тұрған кезде еңбекақының өспектігі көңілге мол демеу емес пе. Бұл Елбасы ұсынысының арқасында деп біледі металлургтер мен шахтерлер. Талай қиындықты бастан өткерген қажырлы еңбеккер қауым ерік-жігері осы сын шақты да салмақтылықпен көтере білуді сездірді. 1930 жылдан бері мыс өндіріп келе жатқан «Қазақмыс» компаниясы өңір экономикасының өзегін құрайды. Нарықтық капиталдандыру бағасы 2012 жылдың аяғының өзінде 6,6 млрд. АҚШ доллары болған кәсіпорын басшылығы да Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жалақыны көтеру жөніндегі ұсынысын қолдайтындығы күмәнсіз. Бұл жөнінде нақты шешім дәл кеше қабылдана қоймағанымен, Елбасының еңбек адамының жағдайын жасауға қатысты ойы мыс өндірушілердің жұмысын ұйымдастырушылар тарапынан түсіністік тауып отыр. Компания басшылығы осы мәселе бойынша таяу күндерде арнаулы мәлімдеме жасамақшы.

Айқын Несіпбай